217 СР

«БЕКІТІЛДІ»
ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры
_____________ Р. Емелбаев
«___» ___________ 202__ж.

**Жаратылыстану-математика бағыты**
**«География» пәні бойынша**
**оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін**
**жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін ұлттық бірыңғай тестілеуге арналғантест спецификациясы**
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

**1. Тест мақсаты:** Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бітірушілері жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыра алу қабілетін анықтау.

**2. Тест міндеті:**Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білім берудіңкелесі білім беру бағдарламаларына түсу үшін арналған тест:

**B014- География мұғалімдерін даярлау**

**3. Тест мазмұны:**

| № | Тақырып | № | Тақырыпша | Оқу нәтижелері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Географиялық зерттеу әдістері | 01 | Зерттеу әдістерінің түрлері | Географиялық зерттеу әдістерін қолдану. Географиялық сараптама жүргізу. Географиялық зерттеулердің нәтижелерін әртүрлі формада ұсыну |
| | | 02 | Өзекті географиялық зерттеу әдістері | |
| 2 | Картография және геоинформатика | 03 | Заманауи картографиялық әдістер | АКТ қолдана отырып дерек көздердің әртүрлі базасын жасау. Статистикалық дереккөздерді жүйелей отырып картограммалар мен картодограммаларды құру. Өндірістің әртүрлі салаларында ГАЖ қолдану мүмкіндігін анықтау. |
| | | 04 | Географиялық деректер базасы | |
| | | 05 | Геоақпараттық жүйелер | |
| 3 | Табиғатты пайдалану және геоэкология | 06 | Табиғатты пайдалану түрлері | Табиғатты пайдаланудың қоршаған ортаға әсеріне баға беру және табиғатты пайдалану проблемаларын шешу жолдарын анықтау |
| | | 07 | Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 08 | Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары | (жергілікті/ аймақтық компонент негізінде). Табиғатты қорғау іс-шараларының тиімділігін бағалау (жергілікті/өңірлік компонент негізінде). Жаһандық және қазақстандық деңгейдегі экологиялық проблемаларды анықтау және оларды шешудің өзіндік жолдарын ұсыну. Қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік факторларды сипаттау және салыстыру. Аудандастыру негізінде геоэкологиялық зерттеулер жүргізу. |
| | | 09 | Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі | |
| | | 10 | Геосфералардың ластануы | |
| | | 11 | Геоэкологиялық аудандастыру | |
| | | 12 | Ғаламдық экологиялық проблемалар | |
| | | 13 | Экологиядағы инновациялық технологиялар | |
| | | 14 | Табиғатты пайдалануды реттеу | |
| | | 15 | Табиғатты қорғау шаралары | |
| | | 16 | Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі | |
| | | 17 | Геоэкологиялық жобалау | |
| 4 | Геоэкономика | 18 | Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі | Геоэкономиканың негізгі категорияларын сипаттау және экономикалық география мен геоэкономика арасындағы айырмашылықты анықтау. Қазақстан Республикасы мен әлем елдерінің шаруашылық құрылымын бағалау, талдау және саралау. Әлем елдерінің экономикалық даму стратегиясының т көрсеткіштерін бағалау. Қазақстан өңірлерінің экономикалық даму кедергілерін жою бойынша шешімдер ұсыну (өз өңірі мысалында). Қазақстан өңірлерінің |
| | | 19 | Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары | |
| | | 20 | Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы | |
| | | 21 | Дүниежүзілік шаруашылықтың аумақтық модельдері | |
| | | 22 | Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері | |
| | | 23 | Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе | |
| | | 24 | Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 25 | Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті | экономикалық даму стратегияларының жобаларын ұсыну (өз өңірі мысалында). |
| | | 26 | Геоэкономикалық даму стратегиялары | |
| 5 | Геосаясат | 27 | Геосаясаттың өзектілігі | Геосаяси және геосаяси үрдістердің негізгі категорияларын зерттеу. Қазақстан мен әлем елдерінің саяси-морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беру. Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігін күшейту жөнінде ұсыныстар әзірлеу. |
| | | 28 | Дүниежүзінің геосаяси кеңістігі | |
| | | 29 | Геосаясаттағы географиялық факторлар | |
| | | 30 | Мемлекеттік аумақтың морфологиясы | |
| | | 31 | Мемлекеттік шекара | |
| | | 32 | Заманауи геосаяси үдерістер | |
| | | 33 | Қазақстанның геосаяси жағдайы | |
| | | 34 | Қазақстанның геосаяси интеграциясы | |
| 6 | Елтану | 35 | Кешенді географиялық аудандастыру | Әлемнің тарихи-географиялық аймақтарын зерттеу және сипаттау. Рейтингтегі елдің орнына әсер ететін географиялық, әлеуметтік, экономикалық және саяси факторларды анықтау. |
| | | 36 | Салыстырмалы елтану | |
| | | 37 | Қазақстанның халықаралық салыстырулардағы орны | |
| | | 38 | Қолданбалы елтану | |
| 7 | Адамзаттың ғаламдық проблемалары | 39 | Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері | Қоршаған орта және жаһандану, соғыс және қауіпсіздік мәселелерін зерттеу. Жаһандық проблемаларды шешу жөнінде жобалар құру. |
| | | 40 | Ғаламдық проблемаларды шешу жолдары | |

**4. Тест мазмұнының сипаттамасы:**

Тест «География» пәні бойынша 40 тест тапсырмаларынан тұрады. Оның ішінде:

- 20 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары;
- 10 бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары

- 10 бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмаларынан тұратын 2 жағдаят (контекст).

Тапсырмалардың мазмұны осы пән бойынша типтік бағдарламада көрсетілген тақырыптарға сәйкес келеді.

Тесттегі тест тапсырмалары базалық, орташа және жоғары деңгей бойынша күрделену ретімен орналасқан.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** Тест 3 қиындық деңгейінде берілген тест тапсырмаларынан тұрады: бірінші деңгейде (А) – 25%, екінші деңгейде (В) – 50%, үшінші деңгейде (С) – 25%.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минут, жалпы тестті орындау уақыты – 80 минутты құрайды. Жалпы тестті орындау уақыты контекстті оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

**8. *Жеке тест тапсырмаларының орындалуын бағалау:*** тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау ҚР БҒМ 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген ҰБТ Қағидаларының 19-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қолдануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

**Негізгі:**

1. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Саипов А.География. Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-мататматикалық бағытындағы 10-сыныптарға арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2019 ж.

2. Каймулдинова К., Абилмажинова С., Абдиманапов Б. География. Жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11-сыныптарға арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 2020 ж.

**«КЕЛІСІЛДІ»**
**Оқу-әдістемелік**
**бірлестігінің төрағасы**
**________________ Е.С.Амиров**
(қолы) (Т.А.Ә)
**«____» ________________ 202__ ж.**